

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2020 жылғы 4 қарашадағы
№ ДС-174

Құрметті депутаттар!

Отандық анимацияны дамытуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Елімізде 2010 жылдан бері мемлекеттік бюджет есебінен 130-дан астам анимациялық жобалар іске асырылды, оның ішінде Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен 50-ден астам мультфильм, «Balapan» телеарнасының тапсырысымен 80 анимациялық жоба жасалды.

Мемлекет тарапынан анимациялық жобаларды қаржыландыру көлемі жылдан жылға артып отыр. Мәдениет және спорт министрлігі арқылы 2018 және 56 млн теңге, 2019 жылы 105 млн теңге бөлінсе, 2020 жылы бұл көрсеткіш 1 млрд теңгеден асты. «Балапан» телеарнасы 2020 – 2021 жылдары балаларға арналған отандық контентті өндіруге 2 млрд теңгеге жуық қаражат қарастырған.

Сонымен бірге, анимациялық фильмдердің мазмұны мен сапасын арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. 2019 жылы қабылданған «Кинематография туралы» Заңға сай ұлттық фильмдерді, соның ішінде анимациялық өнімдерді іріктеуге жауапты Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы (бұдан әрі – Орталық) құрылды.

Аталған Заңға сәйкес мемлекеттік тапсырысқа үміткер жобалар Орталық жанындағы сараптамалық кеңесте, содан кейін ұлттық фильмдерді мемлекеттік қаржылық қолдау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиямен қаралады. Сараптамалық кеңес пен ведомствоаралық комиссия киножобалардың көркемдік идеясымен қатар, олардың тәрбиелік мәнін бағалайды. Сараптамалық кеңестің құрамына елімізге беделді аниматорлар кіреді.

Анықтама: 2020 жылы өткен іріктеудің қорытындылары бойынша Орталық төрт қазақстандық мультфильмді өндіріске енгізді: «Алтын адам» («Қазақфильм» АҚ), «Кенже қыз» («Aday Production» ЖШС), «Бесік жыры» («Dala animation» ЖШС), «Тарих керуені» анимациялық сериалы («Ырысы-ақ Қазақстан» ЖШС), «Еркемай» («Art Maral» ЖШС).

Сонымен қатар, 2019 жылдың соңында «Balapan» телеарнасы арқылы жасалатын анимациялық жобаларды іріктеудің жаңа қағидалары әзірленді.¹ Оған сәйкес туындылар екі кезеңде арнайы көркемдік кеңестің іріктеуінен өтеді. Іріктеу барысында мультфильмдердің идеясы, сценарийі, техникалық орындалуы және шығармашылық топтың портфолиосы бағаланады. Бұл жұмыстарға психолог, педагог, әлеуметтанушы, тіл мамандары және балалар жазушылары қатысады.

Жаңа қағидаларға сәйкес биылғы жылы оқу-танымдық, шытырман оқиғалы, ойын-сауықтық жанрда 25 анимациялық жоба өндіріске енгізілді. Сондай-ақ, анимацияның дамуына жаңа серпін беру мақсатында телеарнаның эфир желісінде мультфильмдер үлесі 60%-дан 80%-ға дейін көбейтілді.

Бүгін елімізде аниматорлардың дайындығымен Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен Қазақ Ұлттық өнер университеті айналысады *(Аталған жоғары оқу орындарында 117 болашақ аниматор оқиды)*.

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «анимациялық фильмнің режиссурасы» және «суретші-аниматор» мамандықтары бойынша оқитын студенттері үшін ресейлік «Союзмультфильм» және «WizartAnimation» анимациялық студияларында тағылымдамадан өту мәселесі пысықталуда.

Алдағы уақытта «Қазақфильм» киностудиясын жаңғырту жоспарлануда *(2021 – 2024 жылдарға арналған «Қазақфильм» киностудиясын жаңғырту жөніндегі жол картасы)*. Осы жұмыстар аясында киностудияны заманауи кино түсіру және монтаж жабдықтарымен техникалық жарақтандыру, арнайы көлік құралдарын сатып алу, инженерлік тораптар мен ғимараттарды күрделі жөндеуден өткізу, сондай-ақ түсіру алаңын салу көзделіп отыр. Жаңғырту жұмыстары киностудияның анимациялық бірлестігін де қамтиды.

«Кинематография туралы» Заңның 9-бабына сәйкес кинотеатрларда көрсетілетін барлық фильмдер қазақ тілінде дубляждалуға, субтитрленуге немесе кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз етілуі тиіс. Қазақ тіліне аударылмаған фильмдерге отандық прокатқа шығуға рұқсат берілмейді.

Жалпы депутаттық сауалда сіздер атап өткен отандық анимацияны дамыту жөніндегі ұсыныстар мемлекеттік тапсырыс арқылы жасалатын мультфильмдердің мазмұны мен сапасын арттыру барысында ескерілетін болады.

Е. Тоғжанов

Орындаған: Ә. Тұрғанбаев, 745674

¹ Аудиовизуалды туындыларды жасау және сатып алу қағидалары «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқармасының шешімімен 2019 жылғы 29 қарашада бекітілді.